

3

Ескертуді ескермейтіндер көп



4

Жеңістен кейінгі сөз



- www.facebook.com/syrboyi.kz/
- www.instagram.com/syrboyi_kz
- t.me/syrboyi_kz
- twitter.com/syrboyi

Сыр бойы

5 қыркүйек, сейсенбі 2024 жыл



№136 (20810)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

/// ПРЕЗИДЕНТ



БІРҚАТАР НАҚТЫ ТАПСЫРМА БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіровті қабылдады.

Президентке жанартылған заңнамаға сай республикалық референдумға дайындық және ұйымдастыру жұмыстары жөнінде мәлімет берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Орталық сайлау комиссиясының даму стратегиясын іске асырудың негізгі аспектілері баяндалды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы бірқатар нақты тапсырма берді.

КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫНА ҚЫЗУ ДАЙЫНДЫҚ ЖҮРУДЕ

Президент V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына дайындық жөнінде кеңес өткізді.



Жиында Ұлттық құраманың, спорт кешендерінің, қонақ үйлер мен мәдениет орындарының дайындық барысы, сондай-ақ қоғамдық көлік, қауіпсіздік және тазалық мәселелері пысықталды.

Мемлекет басшысы Көшпенділер ойындары ұлттық спорт түрлері бойынша өткізілетін әлемдегі ең ірі жарыс екенін атап өтіп, оны жоғары деңгейде ұйымдастыру, халқымыздың терең тарихы мен мәдениетін, қонақжайлылығын көрсету, меймандар мен спортшыларға қажетті жағдай жасау маңызды екеніне назар аударды.

Кенесте Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр, Премьер-министрдің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу, Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Ішкі істер министрі Ержан Соденов, Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова баяндама жасады.

АЭС-ке ҚАТЫСТЫ АҚПАРАТҚА ҚАНЫҒА АЛАСЫЗ

Атом энергетикасы және атом электр станциясының (АЭС) құрылысы мәселелерін тереңірек түсінгісі келетін азаматтар үшін порталда Gov.kz eGov mobile мобильді қосымшасында жиі қойылатын сұрақтарға жауап беретін жаңа бөлім құрылды.

2 қыркүйекте Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойды, ол еліміздегі алғашқы атом электр станциясын салу туралы шешім қабылдаудағы шешуші кезек болады.

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп Gov.kz порталында және eGov mobile мобильді қосымшасында арнайы ақпараттық бөлімдер әзірлеп, енгізді. Мұнда пайдаланушылар атом энергетикасы, атом электр станцияларының құрылысы мен жұмысы, олардың қауіпсіздігі мен қоршаған ортаға және денсаулыққа әсері туралы өзекті сұрақтарға жауап таба алады.

Бұл шаралар әрбір қазақстандықтың атом энергетикасына қатысты барлық аспектілерге объективті баға беріп, референдумға толық және сенімді ақпаратпен қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған.

<https://www.gov.kz/situations/723/intro?lang=kk> сілтеме арқылы өтіп бөліммен таныса аласыздар.

«СБ» ақпарат

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ЖҮКТЕЛГЕН МІНДЕТТЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауындағы тапсырмаларын орындау мәселелері қаралды.

Үкімет отырысынан кейінгі арнайы мәжілісте жауапты тұлғаларға бірқатар міндет жүктелді.

Осы жылдың 7 айында өңірге барлық көзден 296,1 млрд теңге инвестиция тартылды. Оның 75,6 пайызы – жеке ин-

вестициялар. Жыл соңына дейін жарты триллионнан астам инвестиция тарту жоспарлануда.

Өңірдегі мұнай қорының сарқилуы салдарынан соңғы 10 жыл бойы төмендеу тенденциясын көрсетіп келген өнеркәсіп

өндірісі көлемі өткен жылдың қыркүйек айынан бастап оң динамикаға шықты. Өсім өңдеу өнеркәсібі есебінен қалыптасты. Сыр өңірі өңдеу өнеркәсібіндегі осы қарқын бойынша 2022 жылы республикада 11-орында болса, өткен жылдан бастап аймақтар арасында алдыңғы қатардан көрінді.

2-бет

/// ӨРКЕН

«АҚАЙ»: ТІРЛІГІ МЫҒЫМНЫҢ ТЫНЫСЫ КЕҢ

Байқоңырдың іргесіне орын төпкен «Ақай» – тірлігін түзетіп, дамуға бет алған ауыл. Жыл сайын әлеуеті артып келе жатқан ауыл бүгінде қайнаған тірліктің ордасына айналған. Түтін түзу шыққан қоныстың тыныс-тіршілігімен біз де таныстық.



АУЫЛ ТАРИХЫ – ЕЛ ТАРИХЫ

«Ақай» ауылы алғашында 1957-1958 жылдары Кенес Одағы космонавтикасының орталығы Ленинск қаласын қажетті ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында №22 әскери кеншар болып құрылған.

Ресми түрде әскери кеншар болғанымен, халық оны Сырдария өзенінен бірнеше шақырым жердегі аралдың атымен «Ақай» деп атап кеткен. Кезінде ет комбинаты, тауық, сиыр фермалары, сыра зауыты болған.

4-бет

/// МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

ЫСТЫҚ СУ ҚАШАН БЕРІЛЕДІ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылы өңірімізге жасаған жұмыс сапары барысында Қызылорда халқын ыстық сумен қамту мәселесін уақыт оздырмай шешуді тапсырған болатын. Осыған орай, аймақ басшысының тапсырмасы негізінде облыс орталығын ыстық сумен қамту жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Мамандардың айтуынша, ыстық сумен қамту екі кезеңде жүргізіледі. Биыл 187, келер жылы 237 тұрғын үй ыстық су жүйесіне қосылмақ.

Жоба бойынша қаланың бірнеше ауданында құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Соның бірі – «Сырдария» шағын ауданы. Мұнда жиырмаға жуық көпқабатты тұрғын үй бар. Қазір соның он екі үйіне ыстық су тарту жұмысы толыққанды аяқталған.

– Бізге міндеттелген аумақ бойынша жұмыс тиянақты жүргізілуде. Құрылысқа пайдаланатын материалдар – өзіміздің отандық өнімдер. Сапасы жоғары. Су құбырлары жаңартылып, сырты арнайы материалмен қапталуда. Әрбір үйдің өзіне жеке-жеке кіші су қазандығы орналастырылады. Қуаттылығы жоғары, – дейді «Асанас-Дар» мердігер мекеме өкілі Жан-дос Әлиақбарұлы.

Бүгінде «Сырдария» шағын ауданында барлығы бес бригада жұмыс істеуде. Әр бригада құрамында 4-5 адамнан бар. Жұмыс ауқымына қарай жұмысшы күші қосылып отырады. Қайрат Отызбаев осында екі айдан бері жұмыс жасауда.

– Мұнда мердігер мекеме тарапынан көпқабатты тұрғын үйдің жертелесі (подвал) тазартылып, электр желісі, ауызу, кәріз суы, жылу жүйесінің құбырлары жаңартылады. Ыстық су жүйесіне қосылу тұтынушылар үшін электрлі су ысытқышқа қарағанда дәуір тымді болмақ. Әрбір пәтерге өзіміз кіргізіп, орналастырып береміз. Қалғанын тұрғындар қалауы бойынша жасап алуына болады, – дейді ол.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ, «Сыр бойы»



Суреттер: үстіндегі Нұрболан Нұрмаубай

/// ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ТАЗЫ – ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЗЫНАСЫ

Халықаралық кинология федерациясы жеті қазынаның бұл түрін ресми түрде мойындап, Қазақстанға тазы тұқымының иесі деген мәртебе берді. Бұл туралы 24 қаңтарда.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша қазақы ит тұқымдарын сақтау, сондай-ақ оларды халықаралық деңгейде таныту мәселесі қолға алынған болатын. Сөйтіп бұл іс 2022 жылдан бастап ҚР Президенті Іс басқармасының қарауына алынды. Екі жыл ішінде тазы стандарты бекітіліп, ғылыми зерттеулер жасалыны. Сондай-ақ асылтұқымды иттердің байқаулары мен көрмелер өткізілді. Мәселен, биылғы жылы елде тазы иттердің 5 монотұқымды көрмесі өткен.

УАҚЫТ БЕЛДЕУІ: ҮШ ЖЫЛ УАҚЫТ КЕРЕК

Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиевтың айтуынша, жазғы және қысқы уақытқа көшу мәселесі тек үш жылдан кейін қаралады. Мәжіліс отырысындағы бұл мәселе туралы Stan.kz ақпарат агенттігі жеткізді.

Министрдің сөзінше, уақытты өзгерту мәселесі қоғамда көп талқыланып жатыр, алайда тек арада уақыт өткен соң оның әсерін білу мүмкін болмақ.

«Өтініштің нәтижесін білесіздер. Қысқы және жазғы уақытқа көшу бұрын қолданылған. Қазір Украинада да осыған ұқсас мәселе талқыланып жатыр, олар ауысудан бас тартпақ. Депутаттың ұсынысы назар аударуға тұрарлық нәрсе. Алайда өтініштің қорытындысы бойынша комиссия оны толық талдап, ғылыми қорытындыны ресімдеу үшін уақыт қажет деп шешті» делі А.Шаққалиев.

Бұл бойынша Денсаулық сақтау министрлігі үш жыл ішінде қосымша зерттеулер жүргізбек.

БАҒА ӨСІРГЕНДЕР ЖАЗАЛАНАДЫ

Сауда және интеграция министрлігі ӨҚБТК-ге әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдеріне сауда үстемесін асырғаны үшін бизнес өкілдеріне әкімшілік жазаны қатаңдату жөнінде түзету әзірледі, деп хабарлайды Egemen.kz.

Вице-министр Айжан Бижанованың айтуынша, қолданыстағы Заңда әлеуметтік азық-түлік өнімдеріне 15%-дан артық үстеме баға қосуға болмайды. Кәсіпкердің заңды бұзғаны анықталған жағдайда, бірінші жолы ескерту беріледі. Өзгерістер осы ескертуді 5-тен 150 АЕК-ке дейінгі айыппұлға ауыстыруды көздейді.

Ведомство мәліметінше, әлеуметтік өнімдерге сауда үстемесін асырғаны үшін 2023 жылдың 8 айында 760 қаулы, ал 2024 жылдың басынан бастап 29 тамызға дейін 11,8 млн теңге сомасына 2 807 әкімшілік қаулы шығарылған, бұл былтырғыдан 4 есеге көбейгенін көрсетеді.

«СБ» ақпарат

Валюта бағамы

\$ 482,74 kzt

€ 532,70 kzt

₺ 5,44 kzt

Ауа райы

+20° +22°

+18° +20°

ЖҮКТЕЛГЕН МІНДЕТТЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Соңғы 2 жылда облыста 19,6 млрд теңгенің 22 инвестициялық жобасы іске қосылды. Биыл 31,3 млрд теңгенің 14 жобасын жүзеге асыру, 409 жаңа жұмыс орнын құру көзделуде. Одан бөлек, инвестицияның жана толқын тарту мақсатында 77 млрд теңгенің 6 жобасы бойынша жұмыс басталды.

Жеке кәсіпкерлікті қолдауға барлық қаржы көзінен 34,5 млрд теңге қарастырылды. Екінші деңгейлі банктер мен қаржы ұйымдары арқылы 3 мыңға жуық жоба қаржыландырылуда. Қолдау шараларының нәтижесінде соңғы екі жылда шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылған

адамдар саны 15,4%, өнім шығару көлемі 1,7 есе, салықтық түсім 45,4% ұлғайып, кәсіпкерліктің жалпы өмірлік өнімдегі үлесі 18,9%-ға жетті.

Биыл аймақта 43,3 млрд теңгеге 300 шақырымнан асатын жол жөндеуден өтеді. Осылайша сапалы жолдардың үлесі 87,5 пайыздан 92 пайызға жеткізіледі. 2025 жылға дейін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 12 300 орынға арналған 21 мектептің құрылысы жүргізіледі. Жыл соңына дейін 6 900 орындық 10 мектеп пайдалануға беріледі.

Өңірде Мемлекет басшысы айқындаған барлық тапсырмалар іске асырылады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



ЖОЛДАУ: ТАЛҚЫ

БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ



Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымы да Президент Жолдауын талқылап, одан туындайтын міндеттер мен жоспарлар туралы ой бөлісті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев саяси маңызды құжатта ел дамуының негізгі сыртқы саяси, экономикалық және әлеуметтік векторларына тоқталды. Жылдағы дәстүрмен білім беру сапасын арттыруға да баса назар аударды. «Үкімет жоғары білім саласын халықаралық білім беру кеңістігімен ықпалдастырып жатыр. Қазірдің өзінде елімізде шетелдің белгілі 23 жоғары оқу орны жұмыс жүргізе бастады. Оларға мейлінше қолдау көрсету керек. Атап айтқанда, маман даярлауға берілген мемлекеттік тапсырысты біртіндеп көбейткен жөн. Бұл тәсілді білім бағдарламасы заман талабына сай келетін өз оқу орындарымызға да қолдануға болады» деді Президент.

Шетелдік ЖОО-лармен ықпалдастық орнатқандар арасында Сыр өңіріндегі білімнің қарашаңырағы да бар. 2025-2026 оқу жылынан бас-

тап университет студенттері үшін қос диплом бағдарламасы бойынша Сеул ұлттық ғылым және технологиялар университетінде оқуға мүмкіндік туды. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма төрағасы, ректор Бейбіткүл Кәрімова өзара ынтымақтастық академиялық байланысты нығайтып, екі елдің студенттері үшін жаңа көкжиектер ашатынын атап өтті.

– Бұл Жолдау халықтың тұрмысын жақсартуға, экономикалық өзгерістерді ілгерілетуге бағытталған тың бастамаларға толы болды. Басты мақсат – халықтың әл-ауқатын арттыру, еліміздің дамуын жаңа деңгейге көтеру болып қала береді, – деді Бейбіткүл Кәрімова.

Мемлекет басшысы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Бұл техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау-

ды талап етеді. Университет ректоры сұранысқа сай, бәсекеге қабілетті мамандар тәрбиелеп шығару бағытында да ЖОО-ларға зор жауапкершілік жүктелетінін жеткізді.

Одан соң университет ғалымдары Жолдауда айқындалған міндеттер жайында сөз қозғалды. Философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер секциясының профессоры, философия ғылымдарының докторы Баймырза Қожамбердиев «Ғылым мен білім саласының маңызды аспектілері», тарих және археология білім беру бағдарламасының қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының докторы Тастанбек Сәтбай «Президент Жолдауы – Әділетті Қазақстан құрудағы маңызды қадам», «Инжинирингтік технологиялар» білім беру бағдарламасының профессоры, химия ғылымдарының кандидаты Нұрбол Аппазов «Қазақстанның энергетикалық қажеттіліктері: АЭС-тің өзектілігі» деген тақырыптарда баяндама жасады.

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

ПІКІР-ПАЙЫМ

БІЛІМГЕ ТЫҢ БЕТБҰРЫС



Мемлекет басшысы өткен сессияда атқарылған жұмыстардың нәтижесіне тоқталды. Қабылданған заңдар халықтың әл-ауқатын жақсартуға, түйткілді мәселелердің түйінін шешуге септігін тигізуде. Енді биылғы Жолдауда еліміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық даму перспективаларына қатысты мәселелер қамтылды. Әсіресе, жұмысшы мамандықтары ерекше назар аудару керектігін тапсырғаны ұнады. Осы арқылы сала мамандарының мәртебесін көтеріп, жастардың жұмысшы мамандықтарына қызығушылығын арттыруға мүмкіндік туады деп ойлаймын. Бұдан бөлек цифрландыру саясатын қарқынды дамыту тапсырылды. Соның ішінде жасанды интеллекттің барлық салада тиімді пайдалану қолға алынбақ. Бұл бағытта біздің оқу орнында алғашқы қадамдар басталып кетті. Былтыр Президенттің тікелей тапсырмасымен Сеул ұлттық ғылым және технологиялар университетімен бірлесіп «Жасанды интеллект және информатика» институты ашылды. Осы оқу жылына ҚР ҒЖБМ 100 грант бөлді. Енді осы бағытта жұмыстар әрі қарай жалғасын тауып, білікті кадр даярлауда еңбегіміз өз жемісін береді деп сенемін.

Жандос БАЗАРТАЙ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры, іскерлік әкімшілікпендіру докторы

МЕЙІРІМ МЕКЕНІ

БАЛАЛАР АУЫЛЫНДАҒЫ СПОРТ БӘСЕКЕСІ



Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күніне орай Қызылорда қаласындағы «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар ауылында эстафеталық сайыс өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов, «Әкелер одағы» РҚБ облыстық филиалының төрағасы Ержан Ескендір қатысты.

Аталған мереке биыл елімізде өзгеше форматта өрбіді. Мәдениет және ақпарат министрлігінің тұжырымдамасына сәйкес, 2-8 қыркүйек аралығында әр күнге тақырыптық бағыттар бекітілді. Мазмұнды іс-шаралардан «Атамекен» балалар ауылы да қалыс қалған жоқ.

Эстафеталық жарыстың ерекшелігі, тәрбиеленушілер өздеріне қамқорлық көрсетіп жүрген беделді азаматтардың жетекшілігімен командаларға бөлініп, төрт кезең бойынша сығана түсті. Олардың қатарында облыстық мәслихат депутаты Мағжан Ералиев, облыстық волонтерлер фронт-офисінің жетекшісі Болатбек Айтбенбетов, Қызылорда қалалық жастар ресурстық орталығының басшысы Медет Жорабек және тағы басқалар бар.

– Мұндай іс-шаралар Отбасы күні қарсаңында ғана емес, жыл бойы жалғасуы қажет деп есептеймін. Өйткені бұл отбасы құндылықтарын насихаттауға, жас ұрпақтың санасына ұлттық идеологияны сіңіруге септігін тигізеді, – деді Шахмардан Байманов.

«Әкелер одағы» РҚБ облыстық филиалының төрағасы Ержан Ескендір өз кезегінде ұлттың тірегі мен алтын дінгегіне айналған отбасы құндылығын сақтауда әкелер ролі жоғары екенін, бүгінгі шара соны күшейтуге бағытталғанын жеткізді.

Облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия хатшысы Қаламқас Кәрімованың айтуынша, мұнда жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған түрлі ұлт өкілдерінің балалары тәрбиеленуде. Олар «Үшқоңыр», «Байқоңыр», «Ақжайық», «Оқжетпес», «Ұлытау», «Мадияр», «Сарыарқа» сияқты үйлерде тұрып жатыр.

– Осыдан үш жыл бұрын Отбасы күніне орай жаңа жоба бастағанбыз. Әр отбасына тәлімгер әке мен ана белгіленіп, балаларға қамқорлық көрсетіп келеді. Балалар тәрбиесі аналармен бірге тұрып жатыр. Ал бүгінгі шара әке ролін күшейту мақсатында «Әкелер одағы» қоғамдық бірлестігі филиалының ұсынысымен өткізілуде, – деді ол.

Спорттық сын нәтижесінде үздік шыққан командалар арнайы жүлделер мен кубоктарға ие болды.

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

БРИФИНГ

ТУҒАН ТІЛІМ – ТІРЛІГІМНІҢ АЙҒАҒЫ

Қазақстан халқы тілдері күні 2018 жылға дейін 22 қыркүйекте аталып өтетін. ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы «Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес қазақ әліпбиінің негізін салған ұлт ұстазы, Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдерінің күні болып белгіленді.

Осыған орай бекітілген облыстық іс-шаралар жоспарына сәйкес 3-10 қыркүйек аралығында Қазақстан халқы тілдері күні мерекесін атап өтудің апталығы жарияланды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметі ұйымдастырған брифингте облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Қаюпов және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Алдажар Әбілов БАҚ өкілдеріне мәлімдеді.

– Апталықтың алғашқы шарасы қазақ тілі білімінің ғалымдары Ә.Қайдар, Р.Сыздықтың туғанына 100 жыл және Ш.Шаяхметовке 85 жыл толуына орай қазақ тілі пәнінің мұғалімдері, оқытушылары, сала мамандарының арасында «Ғылымдағы ғұмырлар» тақырыбында облыстық, республикалық деңгейдегі ғалымдардың доріс сағаттарынан басталады.

Ал 5 қыркүйек күні «Достық үйінде» Тілі бірдің – тілегі бір атты салтанатты жиын өткізілсе, А.Токмағамбетов атындағы мәдениет үйінде «Тіл – тірегім, Қызылорда – жүрегім» атты облыстық жас ақындар мүшайрасы ұйымдастырылады. Тіл мерекесіне

арнайы өткізілетін шаралар Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасында «Тіл менің – тірлігімнің айғағы» тақырыбында дөңгелек үстелмен жалғаспақ. Сондай-ақ «Анаға тағзым» орталығында ана тілі тақырыбын арқау еткен пікірсайыс турнирі ұйымдастырылуда.

Мереке аясында мектептер мен колледждерде «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» тақырыбында пікірсайыс өткізу жоспарланған. Одан бөлек, «Достық үйі» ғимаратында этнос өкілдерінің қатысуымен «Қазақшаңыз қалай?» байқауы және «Менің тілім – қазақ тілі» атты мәнгерлеп оқу сайысы, сондай-ақ, Жастар ресурстық орталығында «Этно Quiz» интеллектуалды сайысы өткізіледі, – деді басқарма басшысы.

Айталық, апталық іс-шара 6 қыркүйек күні «Достық үйі» ғимаратында «Мәңгілік елдің мәңгілік тілі» атты дөңгелек үстел, балабақшаларда «Тілді сүю – талбесіктен» атты акциясы, 7 қыркүйек күні балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлау мақсатында «Арбат» бойында аквагрим шарасымен жалғасып, 10 қыркүйек күні А.Токмағамбетов атындағы мәдениет үйінде «Рухани болмысты жаңғырту



– ұрпақ ұлағаты» атты облыстық дилмашешендер байқауымен қорытындыланады. Жалпы жоспар аясында меншік нысанына қарамастан, барлық мекеме мен ұйымдарда Тілдер күніне арналған жиындар, дөңгелек үстелдер, тіл жанышарлары марапаттау шаралары ұйымдастырылады.

Облыстағы жоғары және арнаулы орта оқу орындары мен жалпы орта білім беретін барлық мектепте, мектепке дейінгі мекемелерде ашық сабақтар, мәнгерлеп оқу байқаулары, пікірсайыстар ұйымдастырылса, облыс кітапханаларында тақырыпқа сай кітап көрмелері өткізіледі. Апталық аясында ғалымдардың тіл

білімі саласындағы зерттеулерімен таныстыру мақсатында Тіл орталығында «Тіл – ғұмыр» тақырыбында ақпараттық-танымдық айдары әлеуметтік желілерде жариялануда.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің доценті Алдажар Әбілов тіл мәселесінің ар жағында ұлттық мүдде, тарихи таным, салт-дәстүр сынды халықтық құндылықтар жатқанын атап өтті.

– Осынау ұлан-ғайыр жерімізді кешегі бағыр бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалды деп айтамыз. Бірақ соның ішінде дербес мемлекеттігіміздің қалыптасуында ана тілімізді, ата дәстүрімізді

саф қалпында сақтап келгеніміздің ықпалы ерекше. Еліміздің сонау Шығысынан Батысына дейінгі аумақ бір тілде сөйлейді, диалект жоқ. Сол сияқты Халық жазушысы С.Мұқановтың бір естелігінде қазақ тілі әлем тілдерінің ішіндегі ең қуатты, көркем, музыкалық тіл екені айтылады.

Рас, біздің өңірде тілге байланысты аса күрделі мәселе жоқ. Дегенмен, зерттеп-зерделеп қарасақ, қала мейрамханаларындағы аса мәзірлерінің барлығы орысша екен. Осы орайда арнайы комиссия құрып, мәселені түбегейлі шешуді қолға алдық. Соның нәтижесінде облыс әкімінің қолдауымен халқымыздың аса мәзірі, ұлттық тағамдарымыздың дайындалу әдісі, тағы басқа қажетті деректерді қамтыған монографиялық сөздік шығарып, қаладағы қонақүй, мейрамхана сияқты қызмет көрсету орындарына таратылды. Бұл жұмыстар республика көлемінде алғаш болып біздің аймақта бастау алды. Тағы бір мысал айтайын, республика бойынша Терминология комитеті жылына 1000 сөз бекітеді екен, бір облысқа 300 сөз, соның ішінде біз ұсынған 271 термин сөз енгізілді, – деді А.Әбілов.

Айта кетейік, мерекеге орай аудандарда да тіл тақырыбын қамтыған әдеби-танымдық кештер, жазба ақындар мүшайрасы, интеллектуалды сайыс, көркемөз байқауы, салтанатты жиындар өткізіледі.

Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

ЕСКЕРТУДІ ЕСКЕРМЕЙТІНДЕР КӨП

От пен судың айтып келмейтін апат екенін білгенімізбен, оның алдын алуда жасалатын жұмыстар туралы біліміміз аздау. Осы орайдағы сауалдарды қалалық төтенше жағдайлар басқармасы бастығының міндетін атқарушы, азаматтық қорғау майоры Ғабит Бабаевқа қойған болатынбыз.



– Ғабит Әбдіәбідулы, суға түсу маусымы қашан жабылады?

– Биылғы суға түсу маусымы қыркүйек айының 20-на дейін жалғасалды. Қала қонақтары мен тұрғындарына тек белгіленген орындарда суға түсуге кенес беремін, балаларыңызды қараусыз қалдырмауды сұраймын.

– Биылғы статистика қандай?

– Қала аумағындағы су айлындарында, әсіресе Сырдария өзенінде жасөспірімдердің қайғылы жағдайға ұшырамауының алдын алу мақсатында тиісті жұмыстар атқарылуда. Жыл басынан бері 1 жағдай тіркеліп, 2 жасөспірім суға түсу маусымы кезінде қаза болды. Салыстырмалы түрде айтар болсақ, өткен жылы қала аумағында 2 жағдай тіркеліп, 2 адам қаза болды, оның 1-уі – бала.

– Су айлындарындағы алдын алу жұмыстары қандай нәтиже берді?

– Тәулік бойы тынымсыз атқарған жұмыстар нәтижесіз емес. Дегенмен ескертуді ескере бермейтіндер де бар. Суға түсу маусымы басталғаннан бері басқарма қызметкерлерінің, құтқару бөлімшелерінің қатысуымен су айлындарында 270 рейд өткізіліп, 5350 азаматқа түсіндірме жүргізіліп, ұнпақтар таратылды.

Адам көп шоғырланған орындарда, атап айтқанда «Агау city mall» сауда ойын-сауық орталығы, жана базар мен ескі базар манайы, теміржол автовокзал аумағында дауыс зорайтқыш арқылы ескертпелер айтылды. «Судағы қауіпсіздік» тақырыбында арнайы материалдар жарияланды, 18 қауіпті аймаққа арнайы тақтайшалар орнатылды. Жалпы қала аумағында барлығы 78 тақтайша орнатылды. Тұрғындар осыған зер салып, өз өмірін сақтандыруын

сұраймыз. Сондай-ақ «Kinoplex» және «Жібек жолы» сауда ойын-сауық орталықтарындағы кинотеатрда әрсеанс басталар алдында «Судағы қауіпсіздік» тақырыбында 50 секундтық бейнеролик көрсетілді. Бұл да – төтенше жағдайдың алдын алудың бір ескертпесі.

– Суға кету себептерін атасаңыз...

– Әрине, ең алдымен мамандар ескерткіне құлақ аспай қауіпті аймаққа шоғырланады. Бұл үлкендер арасында да жиі орын алууда. Ал жасөспірімдер бірін-бірі суға түсуге үгіттеп, соңында осындай жағдайға душар болып жатады. Мұндайға көбіне-көп ата-анасының қалағалауынсыз қалғанда ұшырайды. Өзен немесе каналдардың кез келген әрі зерттелмеген (ағысы жылдам, терең, жағалары тік жар) тұсына суға түсу аса қауіпті. Масаң күйде суға шоғырлау, қайыққа жабысу және қайық бортынан секіру, балалардың ересектердің бақылауынсыз су жағасына баруы мен суға түсуі және жүзе білмеуі қайғылы оқиғаларға әкеліп соқтырады.

– Қала аумағында қанша қауіпті учаске бар және суға түсуге рұқсат етілген орындар бар ма?

– Қала аумағында 18 қауіпті учаске бар. Сонымен қатар, суға түсуге арналған екі аймақ белгіленген, яғни «Сыр самалы» және «Сыр толқыны». «Сыр самалы» – «Арай» шағын ауданында орналасқан ақилы демалыс аймағы. Ал «Сыр толқыны» – «Көксу» демалыс аймағында. Бұл аймақтар арнайы мамандар қадағалауында болады.

– Рұқсат етілмеген жерде суға түскендерге қандай шара қарастырылған?

– Қазіргі таңда басқарма, қала әкімдігі мен полиция басқармасы қызметкерлері, Ұлттық ұлан күнделікті

сағат 13:00-20:00 аралығында рейдке шығады. Әкімшілік-құқықбұзушылық туралы коллективті 412-бабына сәйкес бекітілмеген су айлындарында суға түскені үшін 10 адамға хаттама толтырылып, айыппұл салынды. Ортақ су пайдалану қағидаларын бұзған 81 адамға ескерту шарасы көрілді.


– Балалар қауіпсіздігі үшін қосымша қандай жұмыстар жасалуда?

– Бүгінге дейін 8650 оқушыға «Су айлындарындағы қауіпсіздік» тақырыбында түсіндірме жүргізілді. Сондай-ақ суда зардап шегушіні құтқару, дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдері бойынша 48 интерактивтік сабақ өткізіліп, 56 мектептің басшысы мен мұғалімдеріне судағы қауіпсіздік ережелері түсіндірілді. «Kundelik.kz» платформасына төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіздік ережелерін ескерткіні ақпараттық жалынамалар орналастырылды. «Евразия» спорт кешенімен меморандум жасалып, әлеуметтік көмек алатын отбасы балаларын суда жүзуге тегін үйрету жұмыстары іске асуда. Бұл – маньзындығын жоймайтын нәтижелі іс.

– Алда жылжу беру маусымы басталғанда жұмыстарыңыз қандай бағыттағы жұмыстар жасалып жатыр?

– 15 тамыз – 15 қыркүйек аралығында өрт қауіпсіздігі айлығы өткізілуде. Осыған орай қазіргі таңда екі мыңға жуық тұрғын үйге тексеру жүргізілді. Бұл жұмыстар жүйелі жалғасын таба бермек. Газдан улану жағдайының алдын алу мақсатында арнайы дыбыс қондырғылары орнатылуда.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»



Сыр елінің тарханы

Айтбай Әлібаев
жайлы бір үзік сыр

Жастайынан еңбекпен шындалған Айтбай Әлібаев білім іздеп, 1966 жылы Алматы қаласына келді. Киров көшесінде орналасқан Қазақ мемлекеттік университетіне құжат тапсыруға барғанда Қызылорда қаласындағы Гагарин мектеп-интернатында менен үш сынып жоғары оқыған тереңөзектік Болат ағаны көріп сәлем бердім.

Жанында бойшаң келген қыр мұрын, жанары өткір жігітпен де сәлемдесіп, Тастемір деп атылды атап едім, ол «жерлес екенбіз ғой, мен Бөкеннің ауылдасы Айтбай Әлібаевпын!» деп жауап қатты. Міне, сол жарты газсырдан астам уақыт бұрын танысқан Сыр өңірінің мақтан тұтар азаматы Айтбай Әлібаевпен ұзақ жыл үзегілес қызметтес болдым.

Күлімсіреп, әңгіме өзегін байыпты һәм сыпайы жүйеде жүргізу қабілетімен дараланған Айтбекен бірге оқыған азаматтар арасында бір төбе еді. Сол қасиетімен қалың жұртшылықтың да тілін тауып, құрмет биігіне болды. Жас жағынан тете болсақ та, есімді білгені сырты жүріп, интернатта жатып оқып, отбасы тәрбиесінде баптамаған мен оны өмірдің ашы-тұшысын, ізгі жақсылықты бағалай білетін азамат ретінде танып, «болмасан да ұқсап бақ» деп, іс-әрекеттерінің ұтымды жақтарын үлгі тұтып жүрдім.

Ол оқу бітіріп Қызылордаға келген кезден-ақ өзінің іскерлігімен көзге түсіп, қызмет сатысында ілгерілеп, көп ұзамай облыстық прокуратураның аса маңызды істер қарсы тәмімі қорғаныс қалыптастырады. Үкімет қаулысымен бекітілген медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде міндетті профилактикалық екепдерді жүргізу қағидаларына сәйкес жыл сайын тиісті контингенттерді тұмауға қарсы вакцинациялау тұрғылықты мекен-жайы бойынша емханаларда тегін жүргізіледі.

Тұмау асқынұмымен қауіпті. Сондықтан бірінші белгілері пайда болған кезде өзін-өзі емдеумен айналыспай, тез арада аймақтық дәрігерді үйге шақыртып, дер кезінде ем алу қажет. Бұдан бөлек, аталған контингентке қамтылмаған адамдар екені ақылы түрде салдыруына болады. Бүгінде екені ақылы түрде алуға болатын емхана бекітілуде, ол туралы қосымша хабарланады, – дейді Әлия Мүтәліпқызы.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

ғын, адалдығын, мақсаткерлігін, ізгілігін, зиялылығын, іңкәрлігін толық танысыз. Аталған асыл қасиеттер оның сүйегінде, тегінде бар. Төртінші атасы қазақтың текті ұлы Таңатар Жайықұлы (1768-1867) Сыр бойы шайырларының жырларына арқау болған. Соның бірі Тұрмағамбет Ізгілеуұлының мына шумақтары:

– Таңатар тамам қазақтың,
Секілді тіккен туындай.
Сөйлеген сөзі сындарлы,
Сары алтынның буындай.
Ақылға кен, ойы өрен,
Токтамайтын тосуға,
Тасқындап Сырдың суындай.
Болмасты талай болдырып,
Тілімен судай тындырған,
Секентіп семсер суырмай...
деуі соның дәлеліндей.

Сонау қилы-қилы заманда елшілік, бітімгершілік жолын ұстанған Сыр өңірінде, Кіші жүз елінің ортасында болып, көрші мемлекеттермен қарым-қатынасты бейбіт тұрғыда жүргізуге, ел тыныштығын сақтауға, қажет кезінде өңірдегі ел-жұртқа қорған болып, би, елші атанған, аты аңызға айналған саяси кеменгер Таңатардың ұрпағы Айтбай, атасының жатқан зиратын тауып, өңдеп, кесене салып, белгі орнатып тектілік үрдісін қалыптастырды.

Айтбайдың болмысы айшықталған әріптестерінің, дос-жолдастарының, құда-жеққаттарының мақалалары да баршылық. Өзі де бабалар мұрасынан алғанын, ұрпақтарына өсиет болар тәлімін әңгіме етіп, «Өмірдің болсын өнеге», «Әке өсиеті», «Тағлымға тағым» атты кітаптар жазып, ұл-қыздарына рухани азық боларлық мұра қалдырды.

«Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан» демекші, сол тәлім-тәрбиенің ықпалы ма, алде оның о бастан бір салым асы артық болып жаралғаны ма, жеке басының бағы мен бабы болып текті елдің аруы Бекмағамбетқызы Раисамен танысқан Айтбекен екеуі ортаға, жақын-жуыққа үлгі болған отбасын құрды, алтынның сынығындай ұл-қыз тәрбиеленді. Қай жерде, қандай жағдайда Раиса жеңем сырын алдырмай, асқарқан биязы мінезімен ортамыздың сәні-мәні болды. «Біздің отағасы», әрі кетсе «біздің Айтбекен» деп ағамның мәртебесін әрдайым көтермелеп отырады.

Айтбекеннің тұп-тамыры қазақтың Сарыарқасы, Астанада үйі-жайы болса да Айтбекен зейнетке шыққан соң Сыр өңіріне, туған топыраққа оралып, өмірінің соңын өсіп-өніп, өркен жайған жерде өткізді. Оның өмірлік жолы өнегелі болғанымен, даңғыл емес екені ақиқат. Еңсе езер қиянат пен сәтсіздіктер де болмай қалған жоқ. Жоғарыда айтқанымыздай, Айтбекен – достықты қадірлеген, сенімге берік болған азамат. Мемлекеттік университетте бірте оқыған группаласы мемлекетіміздің Бас прокуроры, Мемлекеттік тергеу комитетінің басшысы, Парламентте Мәжіліс төрағасы болған Тұяқбаев Жармаханмен достық қатынаста еді. Сыйластық. Барлығымызға белгілі, Жармахан досымыз еліміздегі белең алып, асқынып бара жатқан саясатқа наразылық білдірді. Биік лауазымын тәрк етті. Билік саясатын қолдамағаны үшін қудаланды. Жармахан Тұяқбаев Президенттік сайлауда бағын сынап көрмек болды. Осы кезде «көп достары» оған теріс айналды. Ал Айтбай Әлібаев айныған жоқ. Жармаханмен қасынан табылуға тырысты. Бірақ... «Текті қалтыраса да сырын бермейді, жаурамайды» демекші Айтбекен де, Раиса жеңем де ол қиындықтарға төзе білді, сыр бермеді. Ой таразысы мен ақыл таразысына жүгінді. Шүкіршілік етті.

Екеуінің бойындағы асыл қасиеттер ұрпақтарына жұғысты болып, өмір жалғасы Қайрат пен Талғаттың бойынан да ұлағатты, сезімталдықты көреміз, жүрек жылуын сеземін. Ұрпағының ұсақталмағаны қандай бақыт десенізші! Айтбекен, рухың пейіште шат, иманың жолдас болғай, атың ел есінде қалып, Жаратқан ием Раиса жеңемге денсаулық, ұл-қыздарына абырой биігінен көрініп, «сендердей асыл азаматтарды тәрбиелеген ата-аналарыңа мың алғыс» деген құрмет нәсіп етсін демекші.

Тастемір РАХИМОВ

БРИФИНГ

АЙМАҚТА ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ ТҰРАҚТЫ

Жыл басынан бері коронавирустың 79 жағдайы тіркелген. Нақты айтқанда, қаңтар-мамыр аралығында аймақта 76 адамның COVID-ті жұқтырғаны анықталса, мамыр айынан тамызға дейін бірде-бір дерек тіркелген жоқ. Тамыз айында Қызылорда қаласында 3 дерек тіркелді.

Мамандардың айтуынша, секвенірулеу нәтижесінде елімізде кейінгі кезде тіркеліп жатқан коронавирус инфекциясының омикрон штаммының түрлі нұсқалары екендігі анықталған және ағымы көп жағдайда жеңіл түрде өтіп жатқандығы байқалады. Өңірлік коммуналдық қызметінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Ысқақов пен облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова вирустың алдын алу шаралары бойынша тың деректерді бөлісті.

– Қазіргі кез тұмаудың белең алатын уақыты десек болады. Күннің күрт суып кетуі, қайта жылуы – ең басты фактор. Сондықтан денсаулық сақтау ұйымдарының барлығы дайын. Тиісті қорғаныш құралдары, маскалар, аппараттар барлығы бар. Біз пандемияны басымыздан өткерген халықпыз. Барлық

тиісті шаралар әзірленген. Осы орайда тұрғындарға айтармыз, егер тұмау белгілері болса, жедел жәрдем қызметі, болмаса емхана дәрігерін шақырып көрінген дұрыс. Мүмкіндік болса, халық көп шоғырланған жерлерге бармауды сұраймыз. Себебі вирустың жүзу процесі күрделеніп кетуі ықтимал, – деді Олжас Ермекұлы.

Ал өңірде жыл басынан бері жедел респираторлы вирустық инфекцияға 77328 адам шалдыққан. Оның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар – 49969. Тұмау 78 адамнан анықталған.

– Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы халықты тұмаудан қорғаудың жалғыз және тиімді әдісі ретінде тұмауға қарсы вакцинациялауды ұсынады. Осы орайда тұмаудың эпидемиологиялық тұрақтандыру және ауру денгейін төмендету бағытында жыл сайын жергілікті бюджеттен тұмауға қарсы вакцина сатып алынады. Биыл 85004 доза

вакцина алынатын болады. Тұмауға қарсы иммундауға Ресей елінде өндірілген «Гриппол плюс» вакцинасы қолданылады. Бұл тұмаудың штамдарына қарсы тиімді қорғаныс қалыптастырады. Үкімет қаулысымен бекітілген медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде міндетті профилактикалық екепдерді жүргізу қағидаларына сәйкес жыл сайын тиісті контингенттерді тұмауға қарсы вакцинациялау тұрғылықты мекен-жайы бойынша емханаларда тегін жүргізіледі.

Тұмау асқынұмымен қауіпті. Сондықтан бірінші белгілері пайда болған кезде өзін-өзі емдеумен айналыспай, тез арада аймақтық дәрігерді үйге шақыртып, дер кезінде ем алу қажет. Бұдан бөлек, аталған контингентке қамтылмаған адамдар екені ақылы түрде салдыруына болады. Бүгінде екені ақылы түрде алуға болатын емхана бекітілуде, ол туралы қосымша хабарланады, – дейді Әлия Мүтәліпқызы.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

«Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшылығының жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау КЕСТЕСІ

№	А.Т.Ә	Лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Қаюпов Руслан Мұхамедәліұлы	Басқарма басшысы	Сәрсенбі 16.00-18.00	Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс 1	60-53-19
2	Әбділдаев Қуаныш Әділбайұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Күнделікті 16.00-18.00		60-53-27
3	Ибраев Уалихан Серікұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Күнделікті 16.00-18.00		60-53-09

ХАБАРЛАНДЫРУ

Барлық ауызсеу тұтынушылар назарына!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2024 жылғы 20 тамыздағы №40-НҚ, №41-НҚ бұйрығымен бекітілген «Нұра топтық су құбырының» РМҚ-ның «Арал» СЖКБД филиалының уақытша өтемік тарифін, сарқынды суды бұру қызметіне, тұтынушылар үшін төлемсіз тариф мөлшері 2024 жылдың 1 қазанынан бастап қолданысқа енгізілетінін хабарлайды.

Сарқынды суды бұру арқылы қызметінің орташа босату тарифі 1 текше метрге – 206,54 тенге ҚҚС-сыз, 231,32 тенге ҚҚС-мен:

1. Халық үшін – 106,19 тенге ҚҚС-сыз; 118,93 тенге ҚҚС-мен.
2. Басқа тұтынушылар (бюджеттік және өзге мекемелер) үшін тариф – 263,54 тенге ҚҚС-сыз, 295,16 тенге ҚҚС-мен.
3. Шиеді ауданы Көк-Шоқы малтек ауданы бойынша

сарқынды суды бұру арқылы қызметінің орташа босату тарифі 1 текше метрге – 158,26 тенге ҚҚС-сыз, 177,25 тенге ҚҚС-мен:

1. Халық үшін – 48,25 тенге ҚҚС-сыз; 54,04 тенге ҚҚС-мен.
2. Бюджеттік мекемелер үшін – 210,51 тенге ҚҚС-сыз, 235,77 тенге ҚҚС-мен.
3. Басқа да тұтынушылар үшін – 262,06 тенге ҚҚС-сыз, 293,51 тенге ҚҚС-мен.
4. «ҚазАтомПром» АҚ мекемелері үшін – 675,38 тенге ҚҚС-сыз, 756,43 тенге ҚҚС-мен.

«Нұра топтық су құбырының» РМҚ «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалы



«АҚАЙ»: ТІРЛІГІ МЫҒЫМНЫҢ ТЫНЫСЫ КЕҢ

Құрылғаннан бастап 1993 жылға дейін халық депутаттары «Торғатам» поселкелік кеңесі атқару комитетінің қарамағында болып келген. Кеңес төрағасы болып Халида Төлбайқызы қызмет еткен. 1993 жылдың желтоқсанында «Ақай» ауылдық әкімшілігі құрылып, ауыл әкімдігіне Тыныштықбай Қожығұлов тағайындалады. 1997 жылы қайтадан «Торғатам» қыстағының қарамағына беріліп, қыстақ әкімі қызметін Рзақұл Нұртаев атқарса, 2001-2005 жылдары Нұртілеу Салықов басқарды. Одан кейін «Ақай» ауылдық округі құрылып, әкім аппараты ашылды. Ауыл әкімі қызметін Мырзабек Демесінов қолға алған. Мұнан кейін ел басқару тізгіні Райхан Байшораева, Гүлсара Умаровада болды. 2021 жылдан бері білікті маман Эльмира Қазиева қызмет жасауда.

Бір кездері мыңнан сәл ғана асатын халқы болған ауылда қазір алты мыңнан астам адам тұрады. 4 балабақша, 2 орта мектеп, емхана, клуб, кітапхана, 5 шаруа қожалығы, 2 наубайхана, 1 кондиционер цехы, 3 шаштараз, 3 тіс емдеу кабинеті,

да. Мәселен биыл мал шаруашылығын дамытуға 2 жоба, қызмет көрсету саласында 2 жоба, өндірістік бағыт бойынша 9 жоба, барлығы 13 жоба өтінімдері тапсырылды. Соның 9-ы қайтарымсыз грантты жеңіп алды. Сондай-ақ жастардың бастамаларын қолдау аясында ауылдың жас азаматы жылжымалы кинотеатр жобасын қорғайды. Бұл жоба 2023 жылдан бері жүзеге асуда. Былтыр үстел теннисіне қол жеткізген болатынбыз. Оны клуб үйіне орналастырып, ауыл тұрғындары игілігіне пайдалануда, – дейді ауыл әкімі Эльмира Ордабайқызы.

Мұнан бөлек «Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығы» микроаржағы ұйымынан екі азамат пластик терезе мен демалыс орнын ашуға 11 млн теңге несие алып, кәсіптерін бастап кеткен. Ауыл тұрғындарының тұрмысын жақсарту мақсатында қолға алынған «Ауыл аманаты» бағдарламасының игілігін ақайлықтар да көруде. Бүгінде 13 азамат мал шаруашылығы мен өндірістік бағытқа несие алуға ұсыныс білдірген, құжаттары әзір.

“

Мемлекет басшысы ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы Жарлыққа қол қойған болатын. Негізгі мақсат – ауылдық аумақтарда әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту. Заман өзгеріп, жаңа кезеңге қадам басқан тұста ауылдық жерлерде тұратын тұрғындар үшін инженерлік инфрақұрылымның дамуы қашанда өзекті. «Ақайда» бұл мәселе кезең-кезеңімен шешімін табуда.

4 тойхана, 22 дүкен, жанар-жағармай құю, автокөліктерге қызмет көрсету бекеттерінің жұмыс жасауы ауылдың көкжиегі кеңейіп, жылдан-жылға қанат жайғанын білдірсе керек. Сондай-ақ «Мүсірәлі сопы Әзіз» мешіті, «Ақсақалдар алқасы» қоғамдық бірлестігі, әйелдер кеңесі, кәсіпкерлер қауымдастығы ауылдың қоғамдық өміріне белсене араласып, қызмет атқарып келеді.

Кәсіп түбі – береке

Ауылдық жерде кәсіпкерлікті дамыту – мемлекеттің қолға алған басым бағыттарының бірі. Бұл ретте кәсіпін дөңгелентіп отырған кәсіпкерлер қатары жетерлік. Жалпы мұнда 377 кәсіпкерлік нысан тіркелген. Бүгінде оның 314-і жұмыс жасап тұр. Ал жыл басынан бері 68 азамат жеке кәсіпкер болып тіркелген.

– Шағын және орта бизнесті дамыту мақсатында ауылда бірнеше мемлекеттік бағдарлама жүзеге асырылу-

– «Jas project» бағдарламасы аясында ұйымдастыру техникасын жөндеу, қызмет көрсету және компьютерлік грамматиканы оқыту үшін 1000000 теңге қайтарымсыз грант жеңіп алдым. Қазір құрал-жабдықтары алынууда. Барлығы дайын болған кезде халықтың қажеттілігін өтейтін боламыз. Мұндай қайтарымсыз гранттың берілуі жастарға деген қолдау, қаншама жастың арманын жүзеге асыруға жасалған қадам деп білемін. Мен де мемлекеттің берген мүмкіндіктің арқасында өз арманыма жол аштым, – дейді жас кәсіпкер Д. Маханбетов.

Инфрақұрылым игілігі

Мемлекет басшысы ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы Жарлыққа қол қойған болатын. Негізгі мақсат – ауылдық аумақтарда әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту. Жаңа кезеңге қадам басқан тұста ауылдық жерлерде тұратын тұрғындар

үшін инженерлік инфрақұрылымның дамуы қашанда өзекті. «Ақайда» бұл мәселе кезең-кезеңімен шешімін табуда. Мәселен, аяқсумен қамтамасыз ету мақсатында елді мекенге 8,5 шақырым құбыр жүргізілген. Қазіргі таңда ауылдағы 21 көшеге, 314 үйге аяқсу жеткізілген. Тұрғындардың түнгі уақыттағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін көшелерге орнатылған түнгі жарықшамдарға да жөндеу жұмыстары жүргізілген. Ауылда 31,42 шақырым болатын 39 көше бар. Оның 36-сы жарықтанса, 16-сы асфальттанған, 21-і топырақты, 1-і кыршық тасты, біреуіне плита төселген.

– Аяқсу уақытылы беріліп отыр. Санитарлық тазалық айлығы аясында ауыл іші 8 аймаққа бөлініп, әр аймаққа жауапты қызметкер бекітілді. Биыл көрейтін, тазалық жұмыстарын жүзеге асыруда «Достар» ЖК жеңімпаз болып, заңсыз жиналған күл-қоқысты шығаруда. Сонымен қатар апта сайын сенбілік болады. Ауыл кәсіпкерлеріне нысандарына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу, түнгі жарықпен қамтамасыз ету жөнінде ескертпе хаттар таратып отырамыз. Сондай-ақ 1 сәуірден бастап Beeline ұялы байланысы іске қосылды, – дейді ауыл әкімі.

Мұндағы басты жаңалық – елді мекеннің газға қосылуы. Енді ақайлықтар «көгілдір отынның» игілігін көретін болады.

– Ел Президенті «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Елді газбен қамтамасыз ету – өзекті мәселе. Тауарлы газдың ресурстық базасын кеңейту – Үкіметтің және Ұлттық газ компаниясының басты міндеті. Жаңа газ өңдеу зауыттарының құрылысын тездету және қолданыстағы зауыттардың қуатын барынша пайдалану қажет» деп атап өтті. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2025 жылға дейін тұрмыстық игіліктері жоқ ауылдардың барлығы инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл ретте біздің өңір үлдеген шығуда. Жуырда ғана ауылмыздың толығымен газға қосылуы, осының айғағы. Бұл игі бастама халықтың қуанышымен еселей түсті. Алдағы уақытта да елдің игілігі мен балалардың болашағы жолындағы ауқымды жобалар жалғасын табатынына сенімім мол, – дейді Эльмира Қазиева.

Тірлігі мығым ауылдың тынысы осындай. Халқының ауызбіршілігі, татулығы сүйсіндіреді. Елдің еңбекке, кәсіпке деген ынтыс зор. Мұндай татулығы бекем, берекесі тасыған елдің ертеңі жарық болары сөзсіз.

Мейрамгүл
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕ БӘРІ МАҢЫЗДЫ

Бүгінде өңірде кәсіпкерліктің көкжиегі кеңейіп келеді. Нарық заманында кәсіпкерлік шұғылданудың ұтымды тусы көп. Күнгеріс деңгейін жақсартудың бірден-бір жолы – қолынан келген істі табыс көзіне айналдыру. Өзінің қызығушылығын кәсіпке айналдырып, қарым-қабілетін осы салада сынап жүрген жандардың бірі – жанақорғандық Рысжан Төлепбергенова.

Рысжан апа отыз жыл бойы Жанақорған ауданы Жаманбай батыр ауылында дәрігер болған. Зейнетке шыққан соң еңбектен қол үзбей, 2012 жылы ауылда алғашқылардың бірі болып «Ақ балапан» бөбекжай-бақшасын ашты. Кәсіпкердің мұндай қадамға баруына мемлекеттік бағдарламалардың бірі ықпал етсе керек.

– Мектепке дейінгі білімді қолжетімді ету – біздің еліміздің алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Осы ретте естеріңізде болса, 2010-2014 жылдары «Балапан» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Басты мақсат балабақшалар желісінің жетіспеуіне байланысты жалпы білім беретін мектептер жанында шағын орталықтар ұйымдастыру болатын. Осы бағдарламаны естіген кезде өз кәсібімді бастағым келді. Отбасыммен ойласа келе үйімді балабақшаға айналдырдым. Бастапқы уақытта 25 бала қабылдадық. Кейін екінші топты қосып, балалар саны 50-ге жетті, – дейді кәсіпкер.

Жаманбай батыр ауылында бес балабақша бар. Рысжан апа соған қарамастан кәсібін жаңданғырып келеді. Қазір жаңа ғимарат салып, балалардың жағдайына ерекше көңіл бөледі.

– Кәсіп жасау оңай емес. Көп ізденіс, білім керек. Бәсе-лекестікке төтеп бере білуіміз қажет. Осының барлығының артында таудай еңбек тұр. Отбасылық кәсіп болғандықтан барлық жұмысқа өзім бағыт-бағдар беремін, қалғанын балам мен келінім үйлестіреді. Жаңа ғимаратымыз балаларға үлкен қуаныш сыйлауда. Жуырда аттестациядан өттік. Бұл да – еңбегіміздің жемісі, – дейді ол.

Бүгінде балабақшада 16 адам жұмыс істейді. Мемлекет тарапынан субсидия алуға. Кәсіпкер жұмысқа ауылда жұмыссыз жүргендерді алған.

– Кадр таңдауда қателесуге болмайды. Себебі бала тәрбиесі атүсті қарайтын дүние емес. Әрбір тәрбиешіде жылы жүрек, аялы алақан және ең бастысы, баланы жақсы көруі тиіс. Сонда ғана жан-жақты балалар тәрбиеленіп шығары сөзсіз. Осы ретте мамандарды ауыл тұрғындарының арасынан алдым. Барлығының біліктілігі жоғары. Бұдан бөлек, қазір балалардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында өн-би үйірмесін аштым. Жүзден аса бала үйірмеге қатысады. Алды жүзделі орындарға ие болды, – дейді кәсіпкер.

Балабақшаның басты ерек-



шелігі, мұнда бал тілді балғындарды қазақы салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа баулу, ұлттық құндылықтарды ұлықтау көзделген. Сонымен қатар кішкентайлардың денсаулығы басты назарда. Дәрігерлер бөбектерді күн сайын тексеріп отырады. Ал ата-аналар бұл балабақшада білімді әрі саналы ұрпақ өсіп шығатынына сенімді.

Осындай өте күрделі де жауапты істі қолға алған кәсіпкер алдағы уақытта жұмыс аясын

кеңейтуді көздеп отыр. Адал еңбегімен өз замандастарына үлгі болып жүрген Рысжан апаның идеясы ауыл тұрғындарының көңілінен шығуда. Жақсы бастама тек қана биіктерге жетелейтін ешқашан есінен шығармайды. Мұндай істе әлбетте, береке болатыны анық.

Мейрамгүл
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы».

ЖЕҢІСТЕН KEЙІНГІ СӨЗ



Бауыржан Момышұлының Жеңістен кейін өзі басқарған дивизия жауынгерлерінің алдында сөйлеген сөзін оқырмандарға жеткізуді жөн көрдім.

– Сәлеметсіздер ме, жолдастар! Арттағылар бері жақынырақ отырыңыздар. Мен кісі жемеймін. Сіздермен ең соңғы оқиғалар туралы кенеске келдім. Бұл оқиғалардың әрқайсыңыз үшін әр семья, әр ана, әр бала үшін шешуші маңызды бар. Демек, мемлекеттік, бүкілармиялық, бүкілхалықтық, бүкілдүниежүзілік салмағы бар оқиға бұл.

Біздің еліміз өзінің даму тарихында Германия мен Жапонияны жеңуге байланысты жаңа кезеңге аяқ басты. Осыған Советтің президенті армия қатарындағылардың кейбір категориясы еліне қайтару туралы заң қабылдады. Бұл заң бойынша осы категорияға жататын жолдастар елдеріне қайтарылады. Миллиондаған ата-ана балалы болады. Миллиондаған жесір ерін табады. Миллиондаған шаңырақ жаңадан көтеріледі. Ал кей сәби өз әкесін

бірінші көреді. Өйткені ол бұрын әкесін суреттен ғана танытты. Енді ол әкесінің тізесіне отырады. Кішкене қолдарымен москал жауынгердің тотыққан жүзін сипалайды. Бұл заң бойынша несіз қалған талай ұй үшін шешуші маңызды бар. Міне, Совет Армиясы жеңістің бүкілдүниежүзілік тарихи маңызы осындай!

Сіздер өз полктеріңіз 22 гвардия полкін тек сіздерде ғана құрылған және қазір де солай деп ойлайсыңдар ма? Жоқ олай ойламайсыңдар. Сіздерді полк командирі сапқа тұрғызып, маған рапорт бергенде, мен тек сіздерді ғана көргенім жоқ. Сіздер секілді «Ленин» орденімен наградталған үш полкті – өлгендер полкін және сіздің полкті көрдім. Өлгендер көп пе, сіздер көпсіздер ме?

– Өлгендер көп, жолдастар полковник!

– Мүгедектер қанша?

– Аз емес, жолдастар полковник...

– Сонымен бірінші сентябрь

нағыз көпшілік қорғаушы күш, сүйенер тірек болған жоқ. Бұл факт олардың жанқиярлық еңбегін, адам танғаларлықтай табандылығын жоққа шығара алмайды. Олар өз қолынан келгенін бәрін жасады, өздеріне тиесілісін алды. Мен қарттар мен қыздардың қайтпас қайраты, рухының алдында басымды иемін.

Енді біздің армияның қатарында сіздердің інілеріңіз бен қарулас жолдастарыңыз қалды. Бұлардың қайсыбірі – әскерге 1943-1944 жылдары шақырылған азаматтар. Сонда бүкіл соғыстың ауырталығын түй-түйел көтерген кім? Ол жиырма бес, қырық жастың арасы, Сіздер, сіздердің құрдастарыңыз. Соғыстың басынан аяғына дейін адам екенсің, сол беделді алдымен өзін қадірлей біл. Сен тамаша жауынгер бола алдың, тамаша егіңші, тракторшы, мұғалім, ғалым, тамаша еңбек иесі де бола біл. Мылтық ұстаған қолың күректі де ұстасын. Жауыңды жек көре білген жаның жарыңды аялай білсін. Жорықта буған белді, еңбекте босатып алма. Сіз енді мылтық атпайсыз. Бірақ шабуыл аяқталған соң Сіз енді оқоп қазбайсыз, бірақ күрек ұстау керек.

Сіз енді мылтықтан, бомбадан, жауын тұтқын шабуылынан қорықпай тыныш ұйықтап аласыз. Бірақ сергектік қажет. Жеңістің мақтаншы, Жеңістің тәкаппарлығы отбасына жүрмейді. Мұны да ұмытпағайсыз, сыйпайы, қарапайым солдат болып аттандың, сондай болып орал. Даңқ атауды қатан тәртіпті талап етеді.

Жауынгер жауға ғана жауынгер емес, еңбекте де жауынгер, – деп ойын қорытқан екен қайран Баукең.

мен он бесінші ноябрь аралығында елдеріңізге ораласыздар. Сол қамқор ұяға, бейнетқор отбасына ораласыздар. Сағынышқа сағыныш, махаббатқа махаббат ғана жауап бере алады. Семейбасшылық, әкелік, балалық беделдеріңізді сақтай біліңіздер, бұл – менің бірінші ақылым.

Екінші, біз әрқайсыңызға аз-дан ақшалай сыйлық береміз. Бұл – сіздерге берілген дүние емес, үй-іштеріңізге балаларыңызға, жақын-жарандарыңызға, бір сөзбен, сіздердің жеңістеріңізді тойлауға хақы бар адамдарға берілген дүние. Біздің еліміздегі әр семьяның хал-күйін ауырлығы ешкімге құпия емес. Біз осы арқылы ешкімді де байытпақ емеспіз. Тек ескереміз, сіздер де ескеріңіздер. Беделді адам екенсің, сол беделді алдымен өзін қадірлей біл. Сен тамаша жауынгер бола алдың, тамаша егіңші, тракторшы, мұғалім, ғалым, тамаша еңбек иесі де бола біл. Мылтық ұстаған қолың күректі де ұстасын. Жауыңды жек көре білген жаның жарыңды аялай білсін. Жорықта буған белді, еңбекте босатып алма. Сіз енді мылтық атпайсыз. Бірақ шабуыл аяқталған соң Сіз енді оқоп қазбайсыз, бірақ күрек ұстау керек.

Сіз енді мылтықтан, бомбадан, жауын тұтқын шабуылынан қорықпай тыныш ұйықтап аласыз. Бірақ сергектік қажет. Жеңістің мақтаншы, Жеңістің тәкаппарлығы отбасына жүрмейді. Мұны да ұмытпағайсыз, сыйпайы, қарапайым солдат болып аттандың, сондай болып орал. Даңқ атауды қатан тәртіпті талап етеді.

Жауынгер жауға ғана жауынгер емес, еңбекте де жауынгер, – деп ойын қорытқан екен қайран Баукең.

Рысбай КӘРІМОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
Жалағаш ауданының Құрметті азаматы

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлімсі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлімсі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» – ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.